

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін біржолғы әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жуалы аудандық Мәслихатының 2013 жылғы 5 қыркүйектегі № 20-5 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 2 қазанда № 2020 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6 мамырдағы № 43-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 06.05.2019 № 43-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес Жуалы аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек берілсін.

Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін біржолғы әлеуметтік көмек Жамбыл облыстық мәслихатының шешімімен белгіленген мөлшерде беріледі.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 29.06.2018 №29-9 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу бойынша біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" Жуалы аудандық Мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 35-16 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-4-98 болып тіркелген, 2011 жылғы 25 қаңтардағы № 8 аудандық

"Жаңа-өмір – Новая жизнь" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қ. Сыдығалиев*

*Жуалы аудандық
мәслихаттың хатшысы
Ж. Айтақов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК